# ҚЫРСЫҚ КІСІ

Қала қапелімде оған жат көрініп кетті. Баяғы күндерде шаһарды жаяу кезе беретін-ді. Бұл көрмеген отыз жылда қазақтың бұрыңғы астанасының канаты кең жайып кеткен екен.

Жаңа ғимараттар озық үлгімен көз тартады. Бой көтерген көп қабатты үйлерде есеп жоқ. Шаһардың суықсыған кейпінен томсарыс байқаған кәрі шөңге күрсінді. Қапелімде оны сағыныш билеп кетіп еді. Болмашыға кідие қалатын әдетпен баласының жетегіне іликпей, қиыс тарта берген.

- Әкей, бері жүр.

- Мына тұста емес пе әлгі біз баратын кеңсе.

- Одан көшіп кеткен, Әке!

- Жарайды, сенің айтқаның болсын.

Ондағы шаруаны таянақтаған соң, әке мен бала тағы бір тұсқа бағыт алды.

- Мәшинеге мінбейміз бе? - деді әкесі баласына жаутаңси қарап. - Белім тұтасып жүргізбей келеді.

- Шыдаңыз! - деді баласы. - Кептелістен мәшине бес баса алмай тұрған жоқ па.

- Онда ол темірі түскірді несіне жүргізесің?

- Жаяу қалып не бітіремін, Әке!

- Ә, солай екен ғой, - деді қария тұтасқан бойбасын зорға билеп. - Енді қайда барамыз?

- Дәріханаға! - деді баласы наразы пішінде.

- Қант өлшегішім істемей қалды деп түнімен күңіреніп шыққан жоқсың ба.

- Немене, ақшасын ауырлаймысың?

- Әне сөйтеді! Баласы шырт етті. - Бұл кісіге жағу қиын. Тым қиықтана берме, Әке! Мені оқытып жеткізгенің шамалы.

- Өзіңнен көр! - деді қария сәл қолайсызданып. Жетекке көндің бе, сен ит! Әскерден тәп-тәуір шенмен оралып едің. Мелицияға тұра ғой дегенімде, безе қашқан өзің емес пе. Ендігі полковник дәрежесінде жүретін едің.

- Оны мойындаймын, - деді елуді еңсерген сақа жігіт. Жетегіме көнбедің дегенің, жалған жала, Әке! Арақ ішіп шатылып жүрген кенже балаңды тыйып ал алдымен! Өзіңізді де тәртіпке келтіріңіз. Келіндерің зар жылайды, атаға жақпай-ақ қойдық деп.

- Солай ма еді! - деді қария оқыс тіксініп. Қауіптенбе, бұнда байлап қойсаң қалмаймын. Сенің жетегіңе көнетін жайым жоқ. Келін екеуің екі жақтап ит жыныма тиіп біттің. Тамақ ішкенімді де сөлкет көріп.... обырланба деп, жатар орында тамақты тоя ішуге болмайды деп... көрінген жерге түкіргіштей берме деп... шарапқа жуымаңыз деп... жастар көретін киноға үйір болмаңыз деп, намаз оқы деп... Өлдің қалдың қу сүйексің! Тоңқаңдап намаз оқыған маған жараспайды. Түп қазықта қалған жалғыз кәмөнеспін.

- Райдан қайтқаның жөн, Әке!

- Қайтпасам ше?

- Қыңырлықтан тапқан пайдаңыз шамалы, - деді баласы орындыққа жайғасқан әкесінен жүзін сырттата беріп. Жекешелену науқанында өзің еңбек еткен құрылыс мекемесінен сынық кірпіш те алмай... Оның дұрыс болмады, Әке! Жылжымайтын мүліктен қарпып қалғаныңызда, енідігі шалқып отыратын едіңіз. Бас құрылысшы болдыңыз емес пе?

- Оттама , сен! Қария төс қалтасынан өңі тоза бастаған партбилетін қолына алды. Партбилетім бойымда жүргенде сұғанақсыған маған қасиет емес. Ортақ меншіктен қоғамдалған халық дәулетін жырмалағанша тек жүргенді дұрыс көрдім. Партия қатарына өткенде қызыл билетті қолыма ұстап тұрып анық еткемін. Анықтан жаңылсам мені Коммунистік партияның киесі ұратын еді. Сексен асқанша аман жүргенім, марксизм, ленинизмнің қуаты. Мен табынатын тәңір солар.

- Құдайды қайтесің, әке?

- Ә-ә-ә, кім біліпті! ? Шал баласынан қарадай ықтады.

- Намаз оқып жүрсің ғой, білсең айта қойшы. Құдай қайда өзі?

- Құдай әркімнің жүрегінде, Әке!

Шал тоқталып қалды. Осы мына ортаншы баласын құрылысқа икемдеген өзі еді. Әскер қатарында жүргенде, құрылыста істеп елге шыңдалып оралған баласы бүгінде кәттабай қалаушы. Қаланың шет жағынан қалың ағаш орасынан ойып тұрып бес бөлмелі үй салып алған. Екі-үш күшігі жетіліп қапты. Әкесіне болысып құрлыста істейді екен. Елуден енді ғана асқан баласының жайнамазға жығылғаны шалға сөлекет көрінеді.

- Жүрмейміз бе, Әке!

- Қайда? - деді шал қиқтанып. Мені сүйрелей бергенше, өзің барып алып келмеймісің.

- Сізге адам жаға ма? - деді баласы әкесіне кекірейе қарап. - Дұрыстауын алмапсың деп пәле салып жүрерсің. Дінсіз адам міншіл келеді. Құдайдан біліп, бұйырғаны осы дейтін сіз бе едіңіз! ?

- Онда өзің барып алып келе ғой. Мен сен келгенше, әне бір бөпеттен шай-пай іше тұрайын. Баяғы күндерде талай-талай аяқ суытып, көпіршіген сырасын жұтушы едім. Сол есіме түсіп тұр.

- Бірдеңе ішіп қойып... келініңнен, немерелеріңнен ұятқа қалып жүрме, Әке!

- Қызыл-пызылда тұрған не бар? Одан қалған соң, ғұмыр-тіршілікте нендей мағына қалады? Шешең кеткелі үш жылдан асты, тіземді жылтатын біреуді ыңғайлайтын сенің түрің мынау. Елдің сендей баласы әкелерін саунаға апарып, арқа-басын жұмсақ алақанға сипалатады. Сен болсаң міне... тергеушідей сұрақтың астына алып... Ел дәулетін жырмалап қызыл аяқ ақ күмісті қойны-қоныштарына тықпалғандар да жер басып жүр ғой.

- Солардың дені коммунистер, Әке.

- Олар шетінен екі жүзді жалған коммунистер! - деді шал мұртын қопсытып..- Ақшаға партбилетін сатып жіберген.

- Құдайды ұмытқан сіз де жүрсіз ғой жер басып...

Баласына ежірейе тесілген қиқар шал: «Мен сол кәмөнес қалпымда кетем!»- деді қолы-басының дірілін зорға тежеп. - Құдайды бір алдап, өкіметті екі алдап, халыққа мүнәйім софияна көрінген жалған діндарлардың қатарында жүргенше осы бетімде кетейін.

Шауқан қария қапелімде жайсызданды. Орындықтан ауып бара жатқан әкесін баласы сүйемелдей берген.

**Өмір КӘРІП,**
**жазушы.**
**19.11.2022 жыл.**